

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 118 Қаулысы

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру, Қазақстанда автобус шығаруды ұйымдастыру және автобус паркін жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 660000000 (алты жүз алпыс миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының "КамАЗ" ашық акционерлік қоғамымен (Набережные Челны қаласы, Ресей Федерациясы) бірлесіп, осы қаулының 1-тармағына сәйкес алынған қаражатқа қалалық үлгідегі автобустарды жинауды және Көкшетау қаласында оларды жинау өндірісін ұйымдастыруды, сондай-ақ оларды сатуды, оның ішінде лизингке сатуды жүзеге асыруын қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту: 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 682 Қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі